 Евразийский Банк	ПР	1-бет
	Клиент-заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашу, жүргізу және жабу бойынша нұсқаулық	

№5 қосымша

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ
ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ, ЖЕКЕШЕ НОТАРИУСТАРДЫҢ, ЖЕКЕ СОТ
ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ, КӘСІБИ МЕДИАТОРЛАРДЫҢ ЖӘНЕ РЕЗИДЕНТ-
АДВОКАТТАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ШОТТАРЫН
АШУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ
ТІЗБЕСІ**

Жеке кәсіпкерлер, жекеше нотариустар, кәсіби медиаторлар мен Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын адвокаттар ағымдағы шот ашу үшін мәртебесіне байланысты Банкке келесі құжаттарды ұсынады:

А) Жеке кәсіпкерлер, жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, кәсіби медиатор мен Қазақстан Республикасының резиденті - адвокаттар*:

- ағымдағы шот ашуға өтініш;
- жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсете отырып, жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты; жеке куәлік, тұруға ықтиярхат);
- жеке кәсіпкерлер, шаруа (фермер) қожалықтары қол қою үлгілері бар құжатты мөрсіз ұсынады; жеке сот орындаушылары, жекеше нотариустар, адвокаттар мен кәсіби медиаторлар қол қою үлгілері және мөр бедері бар құжатты ұсынады. Қол қою үлгілері бар құжат 2 (екі) данада ұсынылады, оны сенімхат негізінде Банктің уәкілеттік берілген тұлғасы куәландырады немесе клиенттің қалауы бойынша нотариат куәландырады;
- Банкпен өзара қарым-қатынаста Клиенттің атынан өкілдік ететін Клиенттің уәкілетті тұлғалары қол қойған дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім;
- инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке алу үшін ағымдағы шот ашылған жағдайда, клиент ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартын, концессия шартын және (немесе) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын қосымша ұсынады.

Жекеше нотариустар, қосымша:

✓ нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның көшірмесі (жекеше нотариустар үшін) немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесі;

Жеке сот орындаушылары, қосымша:

✓ атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның көшірмесі (жеке сот орындаушылары) немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесі;

Адвокаттар, қосымша:

✓ адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның көшірмесі (адвокаттар үшін) немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесі;

кәсіби медиаторлар, қосымша:


✓ медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (кәсіби медиаторлар үшін);

Шаруа (фермер) қожалықтар мынадай құжаттарды ұсынады:

- қол қою үлгілері және мөр бедері бар құжат (бар болса);

Б) Егер клиенттің атынан оның өкілі әрекет етсе:

- ✓ **Қазақстан Республикасының резиденттері - клиенттің өкілдері үшін:**
 - жеке басын куәландыратын құжат;
 - клиент өкілінің клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде клиенттің құжаттарына қол қоюға өкілеттіктерін растайтын құжаттар;
- ✓ **Қазақстан Республикасының резиденттері - клиенттің өкілдері үшін:**
 - жеке басын куәландыратын құжат;

 Евразийский Банк	ПР	1-бет
	Клиент-заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашу, жүргізу және жабу бойынша нұсқаулық	

- клиент өкілінің клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде клиенттің құжаттарына қол қоюға өкілеттіктерін растайтын құжаттар;

- егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, бейрезидент жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына келу, кету және болу құқығына Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркелгенін куәландыратын құжат (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 97-бабына сәйкес мүше мемлекеттің азаматтары (Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Армения Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы) Қазақстан Республикасының аумағына мемлекеттік шекараны кесіп өту туралы шекаралық бақылау органдарының белгілерін қоюға рұқсат етілген жарамды құжаттардың бірі бойынша кірген кезде, олардың болу мерзімі келген күнінен бастап 30 тәуліктен аспаған жағдайда, көші-қон картасын (карточкасын) пайдаланудан босатылады.).

* 01.01.2017ж. дейін тіркелген тұлғаларға жеке кәсіпкерді (бірлескен жеке кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы немесе куәліктің көшірмесін ұсыну қосымша **талап етіледі.**

В) Сауалнама КЖК/ТҚ ережелерінің № 8 қосымшасына сәйкес